Әділет

# Астана қаласы мәслихатының 2005 жылғы 7 маусымдағы 154/19-ІІІ»"Кәсіпкерлік қызметтің жекелеген түрлеріне акциз ставкаларын және тіркелген жиынтық салығының ставкаларын белгілеу туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

***Күшін жойған***

Астана қаласы Мәслихатының 2007 жылғы 9 ақпандағы N 342/43-III Шешімі. Астана қаласының Әділет департаментінде 2007 жылғы 1 наурызда нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 463 болып енгізілді. Күші жойылды - Астана қаласы мәслихатының 2009 жылғы 31 наурыздағы N 203 /31-IV Шешімімен.

*Ескерту: Күші жойылды - Астана қаласы мәслихатының 2009.03.31* N 203/31 - I V *Шешімімен.*

---

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 шілдедегі "Салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Кодексінің 394-бабына , Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 23 қазандағы N 1016 "Тіркелген жиынтық салықтың ең төменгі және ең жоғары базалық ставкаларының мөлшерін бекіту туралы" қаулысына сәйкес Астана қаласының мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Астана қаласы мәслихатының 2005 жылғы 7 маусымдағы N 154/19-III " Кәсіпкерлік қызметтің жекелеген түрлеріне акциз ставкаларын және тіркелген жиынтық салығының ставкаларын белгілеу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2005 жылғы 4 шілдеде 398 нөмірмен тіркелген, 2005 жылғы 7 шілдеде "Вечерняя Астана", 2005 жылғы 7 маусымда " Астана хабары" газеттерінде жарияланды) шешіміне мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешімге N 2 қосымша, осы шешімге қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енеді.

*Астана қаласы мәслихатының сессия төрағасы*

*Астана қаласы мәслихатының хатшысы*

*КЕЛІСІЛДІ*

*Астана қаласы бойынша Салық комитеті төрағасының орынбасары (СК)*

*Астана қаласы Кәсіпкерлік және өнеркәсіп департаментінің директоры (К және ӨД)*

Астана қаласы мәслихатының 2007 жылғы 9 ақпандағы N 342/43-III шешіміне қосымша

Астана қаласы мәслихатының 2005 жылғы 7 маусымдағы 154/19-III "Кәсіпкерлік қызметтің жекелеген түрлеріне акциз ставкаларын және тіркелген жиынтық салығының ставкаларын белгілеу туралы" шешіміне 2 қосымша

## Астана қаласы бойынша салық салу объектілері бірліктерінен тіркелген жиынтық салығының Ставкалары

| N р/с | Салық салу объектілерінің атаулары | Салық салу объекті-сінің бірлігі | Жылына тіркелген жиынтық салығының ставкасы (айлық есептік көрсет-кіштегі) | Бір айға тіркелген жиынтық салығының ставкасы (айлық есептік көрсет-кіштегі) |
|---|---|---|---|---|
| 1. | Ойын үстелі | бір ойын үстелі | 3240 | 270 |
| 2. | Бір ойыншымен ойын өткізуге арналған, ақшалай ұтысы бар ойын автоматы | бір ойын автоматы | 84 | 7 |
| 3. | Біреуден артық ойыншылардың қатысуымен ойын өткізуге арналған ақшалай ұтысы бар ойын автоматы (электрондық рулетканы қоспағанда) | бір ойын автоматы | 144 | 12 |
| 4. | Электрондық рулетка | | 240 | 20 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | бір ойын автоматы | | |
| 5. | Тотализатор кассасы | касса | 252 | 21 |
| 6. | Букмекерлік кеңсе кассасы | касса | 252 | 21 |
| 7. | Бір ойыншымен ойын өткізуге арналған, ақшасыз ұтыс ойын автоматы | бір ойын автоматы | 48 | 4 |
| 8. | Біреуден артық ойышылар-дың қатысуымен ойын өткізуге арналған, ақшасыз ұтыс ойын автоматы | бір ойын автоматы | 96 | 8 |
| 9. | Ойындар өткізу үшін пайдаланылатын, жеке компьютер | компью-тер | 48 | 4 |
| 10. | Ойын жолы (боулинг, кегельбан) | бір ойын жолы | 864 | 72 |
| 11. | Карт | карт | 60 | 5 |
| 12. | Бильярд үстелі | бір ойын үстелі | 144 | 12 |
| 13. | Лото ұйымдастырушы | ұйымдас-тырушы | 552 | 46 |

*Астана қаласы мәслихатының хатшысы*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК